



## ● ПРЕЗИДЕНТ



### Телефон арқылы сөйлесті

Кыргыз тарапының бастамасымен Қасым-Жомарт Тоқаев Кыргызстан Президенті Садыр Жапаровпен телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекет басшысы ұлықтау рәсімінің сәтті өткенін атап өтіп, Садыр Жапаровты Кыргыз Республикасының Президенті болып сайлануымен тағы бір мәрте құттықтап, бауырлас кыргыз халқының өркендеуі мен игілігі жолындағы жауапты қызметіне сәттілік тіледі.

Тараптар достыққа, тату көршілікке және стратегиялық әріптестікке құрылған қазақ-қырғыз қатынастарының беріктігін нақтылап, екіжақты ықпалдастықты жаңа деңгейге көтеру мақсатында бірлесіп белсенді жұмыс істеуге дайын екендерін растады.

Садыр Жапаров Қазақстан Президентінің ізгі тілегіне алғыс айтып, қызметке кірісуіне орай Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтау хат жергені үшін ризашылығын білдірді.

Әңгімелесу барысында алдағы уақыттағы жоғары деңгейдегі кездесулердің кестесі, оның ішінде, қырғыз қосбасшысының Қазақстанға сапары талқыланды.

## ● САПАР

### ТЕРЕҢӨЗЕК ТҰРҒЫНДАРЫНА «КӨГІЛДІР ОТЫН» БЕРІЛДІ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жұмыс сапарымен Сырдария ауданында болды. Аймақ басшысы Жетікөл ауылдық округіне барып, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы арқылы тұрғын үйлерді сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту жұмысымен танысты. Сонымен қатар, Тереңөзек кентін газға қосу рәсіміне қатысты.

Сб Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Жетікөлдегі су жүйесін жаңалаған мердігер мекеме – «Корпорация Әлем-Құрылыс» ЖШС. Барлығы 144,5 млн теңгені құрайтын жоба арқылы 18 жұмыс орны ашылған. Аудан әкімі Талғат Дүйсебаев ауыл үшін маңызды жобаның атқарылуы жайлы баяндап берді. Ал елді мекен тұрғындары таза судың келуіне аса қуанышты.

– Бұрынғы су құбырын 1986 жылдан бастап пайдаландық. Ол кезде сағат сайын есептеп тұтынатынбыз. Қарап отырсақ, содан бері 35 жыл өтті. Соның төңірегінде қайта жаңарту жүргізілді. Ел болған соң, қуанып жатырмыз. Үкіметтің тапсырмасы орындалып, ауыл халқына жағдайдың бірінші жасалып жатқанына ризамыз, – дейді ауыл ақсақалы Жарылқасым Камалов.

Мұнан кейін облыс басшысы ауылдағы №174 орта мектеп пен «Балауса» шағын орталығының жұмысымен танысты. Орта мектеп 320 орындық. Мұнда 158 оқушы білім ала, 60 қызметкер жұмыс істейді. Білім мекемесі жанынан 25 орындық «Балауса» шағын орталығы ашылып, 11 адам жұмыспен қамтылған. Гүлшара Әбдіқалықова оқу процесінде балалар денсаулығына аса сак болуды тапсырды.

Сапар барысында облыс әкімі аудан орталығы – Тереңөзек кентінде болды. Жұртшылық көптен күткен аудан жалғыз «көгілдір отын» беру рәсіміне қатысты.



Екі жыл бұрын басталған кенттегі кварталішілік газ құбырының желісі 2,4 млрд теңгені құрайды. Облыс әкімі Тереңөзекті тұрғындарға табыс тілеп, құттықтауын жеткізді.

– Кент орталығына қосылып жатқан «көгілдір отын» әр отбасына өзінің жылылығымен келе берсін, әлемді шарпыған дағдарысқа қарамастан, әлеуметтік маңызы бар құрылыс, газдандыру секілді күрделі бастамаларды кейінге қалдырмай, іске асырып келеміз. Өткен жылы Арал ауданындағы Жақсылық, Қазалы ауданындағы Мұратбаев және Шиели ауданындағы Байсын елді мекендері газға қосылды. Нәтижесінде қазіргі таңда облыс тұрғындарының 65 проценті «көгілдір отынға» қол жеткізіп отыр.

Аудан орталықтарын толық газдандырылған кейін, облыстағы елді мекендерге газ жеткізу жоспарымызда бар. Бұл – бір ауданның ғана емес, облыстың қуанышы. Әр отбасынан жылу кетпесін, Отанымыздың қуаты арта берсін, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы атап өткендей, елді мекендерді газға қосу кезең-кезеңімен іске аспақ. Сырдария ауданында жоба бойынша бірінші кезекте Тереңөзек кентіне жақын орналасқан Қалжан ахун, Сәкен Сейфуллин және Асқар Тоқмағамбетов ауылдарына газ жеткізіледі. Сондай-ақ Сырдария өзенінің оңтүстігіне газ құбырын өткізіп, Шаған елді мекені «көгілдір отынға» қосылады деген жоспар да бар.

2-бет

## ● САРАП

Әлемде экономиканың беталысын, бағдарын айқындайтын, сол арқылы әрбір елдің мүмкіндігін сараптан өткізіп тұратын институттар бар.

Сб Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

### Экономика: Қарыз туралы қаншалықты білеміз?

Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк, түрлі агенттіктер солардың қатарына жатады. Бүгінге дейін әлем елдерінің күш-қуатын, әлеуетін айқындау үшін үш критерий негізге алынып келеді. Олар – жан басына шаққанда жалпы ішкі өнімнің көрсеткіші, халықтың жаз ұзақтығы, білім деңгейі. Бір қарағанда осылардың барлығы шынайы мүмкіндігімізді сараптан өткізуге жеткілікті сияқты болып көрінгенімен, осынау критерийлерге қазір халықаралық қауымдастықтың өзі күмәнмен қарай бастады. Бұл орайда әңгіме, ең алдымен, жалпы ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткішіне байланысты көп айтылады. Олардың қатарында, әлбетте, маңызды критерий ретінде мемлекеттің сыртқы қарызы да сөз болады.

Қазір халық арасында осы қарыздың алдағы ұрпақтың еншісіне бұйыратынын айтып, алаңдаушылық білдіретіндер көбейді. Сонымен сыртқы қарыз қаншалықты қауіпті? Талдап көрейік.

Соңғы мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанның сыртқы қарызы 170 млрд долларға жуық. Оның 7,9 проценті – мемлекеттік сектордың, яғни Үкіметтің берешегі. Ал 5,2 млрд доллар қаржы нарығының – банктердің үлесіне тиесілі. Бұл – жалпы қарыздың 3,3 проценті. Сыртқы қарыздың 25,5 проценті – немесе 40,7 млрд доллар басқа секторлардың берешегі.

Қалған 101,3 млрд доллар немесе жалпы қарыздың 63,4 проценті фирмалардың берешек саналады. Сарапшылардың айтуынша, сыртқы қарыздың көп бөлігін құрап отырған фирмаларлық берешектер халық пен мемлекет үшін аса қауіпті емес.

Бірақ сарапшылардың есебінше, соңғы жылдары Үкіметтің сыртқы қарызы өскен. 2020 жыл басында пандемияға байланысты әрі жаңа бюджетті қарастыру кезінде Үкімет 3 млрд долларды сырттан алу керектігін ашық мәлімдеді.

Кейбір депутаттар мен сарапшылар Қазақстанның сыртқы қарызын тұтастай қарастырып, әрбір тұрғынның мойнындағы қарыз көлемі 9 мың доллардан айналады дегенді алға тартуда. Бірақ бірқатар сарапшылар бұл цифрға түзету енгізу керектігін айтады. Себебі жалпы қарыздың ішінде Үкіметтің үлесі аз.

Тағы бір шындық бар. Шетелдерден қарыз алып отырған жалғыз Қазақстан емес, олар жеткілікті. Әлемдік үрдіс осындай. Бар болғаны халықаралық нормаларға сәйкес сыртқы қарыз бен ішкі жалпы өнімнің ара қатынасы сақталуы керек, яғни, сыртқы қарыз ішкі жалпы өнімнің белгілі бір мөлшерінен асып кетпеуі қажет. Айталық, 80-100, кейде 130 процент төңірегінде болуы керек. Бұл – асып кетпеуі тиіс шекті мөлшер.

2020 жылдың бірінші жартыжылдығында елдің жалпы сыртқы қарызының (фирмаларлық қарыз да бар) көлемі осы уақыт ішіндегі ішкі жалпы өнімнің 100 процентіне жетпейді. Егер біз әлемдегі алпауыт ел АҚШ-тың жүздеген триллион доллар, Украинаның, басқа да ондаған елдердің әрқайсысының 150-200 млрд доллар қарызын алсаңыз, Қазақстан ахуалын шүкіршілік деуге болады.

Ішкі жалпы өнім – бір жыл ішінде өндірілген тауарлар мен көрсетілген қызметтердің жалпы жиынтығы, яғни ақшалай мөлшері. Бірақ Қазақстанның ішкі жалпы өнімінің құрылымы шикізатқа тәуелді. Әрбір басқосуда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жөнінде ұдайы алаңдаушылық білдіретіні сондықтан. Шикізат қоры шектеулі. Ал сыртқы қарыз ұзақ мерзімге алынады, яғни, мұндай жағдайда шетелден қарыз алу қауіпті. Өйткені шикізат қоры таусылғанда, қарызды қалай өтейміз деген мәселе алдан шығады. Ол үшін бұған дейін талай мәрте айтылғандай, экономиканы әртараптандыру керек. Мәселен, біз мұнайды шикі күйінде сатамыз. Ал Германия одан 400-ден астам өнім өндіреді. Сол себепті технология, техникасы дамыған Германия үшін сырттан қарыз алу аса қауіпті емес. Себебі олар арзан шикізаттан қосымша құны жоғары өнім шығарады.

Сарапшылардың пайымдауынша, 2021 жылдан бастап Қазақстан сыртқы қарыздарға қызмет көрсетуге, яғни проценттік мөлшерлемесін төлеуге, қарызды қайтаруға көп қаржы жұмсайтын болады. Себебі осында 15-20 жыл бұрын алынған берешектерді қайтаратын уақыт таяды. Ал бұл жағдай мемлекеттік бюджетке, Ұлттық қорға міндетті түрде салмақ салады.

Кейінгі төрт-бес жылда Ұлттық қордағы қаржының шамамен 30 процентке жуығы жұмсалып кетті. Бұрын Ұлттық қордан бюджеттің шығындарын жабуға жұмсалатын қаржының мөлшері шектеулі еді. Қабылданған 2021-2023 жылғы бюджетке Ұлттық қордан 5 трлн теңгеден астам трансферт бөлу көзделуде. Қазір әлеуметтік төлемдердің көлемі өсуде. Жалақы артты, бұл орайда ақша сұрап жатқандар легі әлі толстайтын емес. Біздіңше, қазір бізге табетімізді біршама тығыз тұрғанның артықтығы жоқ деп ойлаймын. Сарапшылардың пікірінше, жердің асты-үстіндегі байлықтың бәрі таусылғанда, сыртқы қарыз дал осы Ұлттық қордың есебінен қайтарылады. Қазірдің өзінде елдің сыртқы қарызындағы мемлекеттік сектордың берешегін қайтару үшін қордағы ақшаның жартысынан көбін жұмсау керек болады. Ол аздай Үкіметтің кепілдігімен корпоративтік қарыздар алынады. Кепілдік берген соң, мұндағы жауапкершілік те мемлекетке жүктеледі. Бұл енді алаңдатады.

Мәселенің соншалықты қауіпті еместігін айтып, өзімізді жұбатқанымызбен, америкалық немесе қытайлық кәсіпорындар Қазақстан нарығына енерде саналы түрде көп көлемде қарыз алып келетінін ескергеніміз абзал. Бұл сыртқы қарыз құрылымындағы фирмаларлық берешекке жатады. Қарызды басқа емес, бас компанияларымен байланысы бар ұйымдардан алады. Сөйтіп, біздің елде өнім өндіріп, одан түскен қаржының негізгі бөлігін Қазақстанға келерде алған қарыздарын өтеуге жұмсайды. Бұл – Қазақстан бюджетіне көп мөлшерде салық төлеуден жалтарудың бір жолы. Экономика үшін мұның да қауіп зор. Өйткені ел қазынасы қаншама қаржыдан қағылып отырғанын айтады бірқатар сарапшылар.

Қазақстан бүгінгі әлем бастан кешіп отырған күрделі кезеңге қадам басты. Бірінші сөзіне бірі құлақ аспайтын әлемдегі хаос Қазақстан сияқты дамушы елдерге көп салқынын тигізеді. Әзірге мұнай бағасы қолайлы, сыртқы қарызды өтеуге тиімді жағдай қалыптастырып отыр. Әрдайым осылай бола берсе, қанекей?!

Дұрысы, сол қарыздан аулақ жүргенге не жетсін, шіркін!

## Екпе ерікті түрде салынады

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қалалық №3 емханада «COVID-19» инфекциясына қарсы «Спутник V» ресейлік вакцинасын салдырды. Еліміз бойынша 1 ақпан күні ерікті түрде коронавируска қарсы вакциналау жұмыстары басталды.



– Мен бүгін ерікті түрде өзіме екпе ектірдім. Дәрігер мамандар екпеден кейін ине салынған орынға су тигізбеуге және егу орнын жылы ұстауға кеңес берді. Мамандар кеңесіне сәйкес әрекет ететін боламын. Мына әлемді жайлаған індеттің таралу қаупін тек екпе салдыру арқылы ғана төмендеті аламыз! Сол себепті барша халықты коронавирустан қорғану үшін екпе салдыруға шақырамын, – деді облыс әкімі.

Егу жұмыстары I кезеңде медицина саласының қызметкерлеріне, оның ішінде қабылдау, жұқпалы аурулар бөлімінің, жансақтау және хирургиялық бөлім қызметкерлеріне жүргізілді. II кезеңге мұғалімдерге және

жұқтыру қаупі неғұрлым жоғары болып саналатын жұмыс орындарының қызметкерлері қарастырылған.

Облыс халқына алғашқы кезеңде 80 000 доза вакцина салынады деп күтілуде.

Кеше өңірімізге «Спутник V» ресейлік вакцинасының 1000

дозасы жеткізілді. Қалғаны кезең-кезеңімен келетін болады. Бұл жұмыстарға алғашқыда №1, №3 және №6 қалалық емханалардан 3 егу кабинеті дайындалды және екпе жұмыстарын жүргізуге облыс бойынша мейірімкерлер мен дублерлер тартылған.

## ● БРИФИНГ

Кеше елімізде, оның ішінде облыс көлемінде «COVID-19» инфекциясына қарсы егу жұмысы басталды. Вакцинациялау ерікті түрде жүргізіледі. Бұл туралы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов және санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Динара Жаңабергенова бандады.

Сб Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

### Бақылау босаңсымайды

– Егу жұмысына алғашқыда №№ 1, 3, 6 қалалық емханалардан 3 егу кабинеті дайындалып, 133 мейірімкер тартылып отыр. Алғашқылардың бірі болып өзім де №3 қалалық емханада «COVID-19»-ға қарсы екпе салдырдым. Жағдайым жақсы, – деді Сәбит Пазылов.

Жалпы егу жұмысына облыс бойынша 32 егу кабинеті мен 16 жылжымалы бригада жасақталған.

– Екпе алғандар алғашқы 30 минутта медициналық мекемеде, келесі 3 күнде тіркелген жердегі аймақтық дәрі-

гердің бақылауында болады. Сонымен бірге екпе салдырған әрбір адамға ықтимал жанама әсері және ондай әсерлер болған жағдайда жүргізілетін емханалардың телефон нөмірлері көрсетілген арнайы жадынама беріледі. Вакцина екеннен кейін жеңіл немесе орташа дәрежеде жағымсыз әсерлердің үш күн ішінде болуы қалыпты жағдай, – деп атап өтті Динара Жаңабергенова.

Кеше сағат 16.30-дағы мәлімет бойынша 69 адам коронавируска қарсы екпе салдырған.

## #ЖАҚЫНЫҢАЖАНАШЫРБОЛ

### ОБЛЫСТЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ҮНДЕУІ

#### Құрметті облыс тұрғындары!

Өздеріңізге белгілі, бүгінде жержаһанға қауіп төндірген індеті әлі де таралуын тоқтатпай, әлем халқына өз зардабын тигізуде.

Ақпарат көздерінен көріп отырғандарыңыздай, еліміз бойынша эпидемиологиялық ахуал қайтадан күрделеніп, вирус жұқтырған науқастар саны артып келеді.

Бұған дейінгі толқында облыс тұрғындары ауызбіршілік пен татулықтың арқасында қауіптің сейілуіне зор үлес қосты. Дегенмен, соңғы көрсеткіштерге сәйкес біздің аймақта да індеттің қайта өршіп, белең ала бастағанын байқауға болады.

Сол себепті ауызбіршілік танытып, құнды қасиеттерімізді жоғалтпай, тұтастығымыз бен ынтымағымызды нығайта түсіп, індетпен күресте жұдырықтай жұмылып, бірлесіп жеңуге шақырамын.

Ол үшін барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, бетперде тағуды, антисептик пайдалануды күнделікті өмір салтымызға тұрақты енгізуіміз қажет.

Ал ең бастысы, елімізде вакцинациялау процесі басталды. Бұл ерікті түрде жүргізіледі. Бұған қорқыныш сезілмеген емес, ең алдымен, халықтың денсаулығы үшін қолға алынған нақты шара екенін назарға алуымыз тиіс.

Медицина тарихында талай індетті тежеген вакцинацияның адам денсаулығы үшін маңызы орасан.



Құрметпен, облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы С.ДҮЙСЕНБАЕВ



Қызылордалықтар коронавирусқа қарсы екпе салдыра бастады. Облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов алғашқылардың бірі болды.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

### Вакцина – ауруды тежеудің жалғыз жолы



Шара екі кезеңді қамтиды. Тізімнің басында медицина қызметкерлері, әсіресе, қабылдау, жұқпалы аурулар, жан сақтау және хирургия бөлімдерінің қызметкерлері бар. Оларға 80 мың доза вакцина қарастырылған. 1 ақпан күні соның мыңы әкелінді. Тұрғындар әзірге №1, 3, 6 қалалық емханаларда вакцина қабылдап жатыр. Аймақ бойынша бұл жұмысқа 130-дан астам меірібике, 90-ға тарта дублер тартылды. Облыс әкімінің орынбасары №6 емханада екпе салдырғаннан кейін шешімді көп ойланбастан қабылдағанын жеткізді. Адамзат тарихындағы қызылша, тырысқақ, وبا, безгек сияқты түрлі қауіпті ауруды жеңе алмағандан, тежеуге

ты қолданылуда. Ол жүкті әйелдерге, ауыр дәрежелі аллергиясы барларға, вакцина құрамындағы заттарға сезімталдығы жоғары жан-дарға, 18 жасқа толмағандарға және 65 жасқа асқандарға салынбайды. Мамандар тағы бірнеше дерті бар адамдарға абай болуды ескертеді. Аймақтың бас дәрігері де алғашқылардың бірі болып №3 қалалық емханаға барды. Емхана дәрігері оның денсаулық жағдайын тексергеннен кейін эпидемиологиялық анамнезін жинақтады. Вакцина қабылдауға ешқандай қарсы көрсетілімнің жоқ екеніне көз жеткізгенін ғана екпе салды. С.Пазылов жарты сағаттай медициналық бақылау аймағында дәрігердің бақылауында болды. Артында ма-



болады. Оның жалғыз жолы – вакцинация. Әлемді жайлаған індеттің таралу деңгейін осылай ғана төмендетеміз. Сол себепті барша халықты коронавирустан қорғану үшін екпе салдыруға шақырамын, – деді Серік Әбжәліұлы. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 77-бабына сәйкес кез келген медициналық ем-шара, оның ішінде вакцина салу тек адамның келісімімен ғана жүзеге асады. Одан бас тартқандар әкімшілік не қылмыстық жауапкершілікке тартылады деу – бекер сөз. Облыс әкімінің орынбасары да екпе алу арқаны еркіндегі шаруа екенін еске салды. Қазақстанда әзірге ресейлік «Спутник V» препара-

мандар оған вакцинадан кейінгі күтім мен сақтық шаралары туралы айтты. Бүгінде облыс бойынша 14 егу кабинеті жабдықталды. Шалғай елді мекендердің тұрғындары 46 жылжымалы егу бригадасының көмегіне жүгіне алады. Қызылорда «жасыл» аймақта, эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Жағдай күрделенер болса, 8 стационар, 61 алғашқы медициналық-санитарлық мекеме, сондай-ақ филтр кабинеттері, үй жағдайында қызмет көрсететін көліктер сақалдайды. Вакцинацияның II кезеңі мұғалімдер, жұқтыру қаупі неғұрлым жоғары жұмыс орындарының қызметкерлерін қамтиды.

### Тереңөзек тұрғындарына «көгілдір отын» берілді

Тәуелсіздік алғалы көптеген игі қадамдар жасалып келеді. Соның бірі – міне, өздеріңіз көріп отырғандай, аудан орталығын газбен қамтамасыз ету. Елдің әлеуметтік ахуалын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаның бір тармағы – «көгілдір отынды» аудан мен елді мекендерге түгел жеткізу болатын. Облыс көлемінде, оның ішінде Сырдария ауданында газ тарту жұмысы қарқынды жүргізілді. Тереңөзек тұрғындары осы игілікті істің нәтижесін көріп, қуанышқа кенеліп отыр, – дейді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Хайролла Әбенұлы. «Көгілдір отынды» тарататын шағын станция іске қосылған соң, аймақ басшысы кент тұрғыны, еңбек ардагері

Қонысбек Әбсадықовтың үйіне барып, отбасының қуанышымен бөлісті. Сапар қорытындысында облыс әкімі аудан басшысына бірқатар маңызды тапсырмалар жүктеді. Коронавирустан сақтау шараларын және карантин талаптарын қатаң ескеруді айрықша тапсырды. Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық табыс көзін құрайтын маңызды жобаларды іске асыруда жұмыс істеу керектігін де айтты. Айта кету керек, бұған дейін Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған ауданының орталықтары мен Байқоңыр қаласы «көгілдір отынға» қосылған. Қазір үш аудан орталығы – Жосалы, Жалағаш, Тереңөзек, сондай-ақ, Сексеуіл, Төретам, Ақай елді мекендерін газдандыру кезең-кезеңімен жүзеге асуда.

### СҰХБАТ

# ШЫРАЙЫ ШЫҢДАРЫНДАЙ, ТҰНЫҒЫ СУЛАРЫНДАЙ ЖАҢАҚОРҒАН

– Руслан Рүстемұлы, Жаңақорған жері табиғи ерекшелікке бай. Қаратау мен Сыр-Ананы ең жайлаған елдің тарихтан тартар шежіресі де, тәуелсіздіктен алған бүгінге дейінгі еншісі де сізге жақсы таныс деп ойлаймын. 30 жылдық орайында алдағы күн міндетін қалай бағамдар едіңіз?

– Жаңақорған ауданы жер-ұйық десе жарасады, Сыр мен Қыр қатар жатыр, бірі пана, бірі сая болған ерекшелікті еншілеген. Біздің тау ақбас Алатау секілді жаз айларында қар жамылғысы болмайды, сондықтан ол – Қаратау! Дегенмен, таудың түзілуі, тағылымы Ұлы Жібек жолымен жапсарлас, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» тауқыметімен тағдырлас, ежелгі дүниенің ені қалған – таңбалы тасы, үңгір-мұнарасы мол, тіпті «Нұх пайғамбардың кеме-сі қалған» Қазығұрт тауы да – Қаратаудың бір сілемі екенін ескерсек, көнеңің көзі, тарихтың сөзі болған биік болмысқа меміз.

Таудың құдіреті мен қасиетін жақсы білесің. Ал, Сыр сағасы – бөлек әңгіме. Егінмен айналысатын ауылдар осы дария бойында орналасқан. Ауданның ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы ішінде жеткен жетістігі жетерлік. Қазір бір күршіткі бетіне қарап отыратын уақыт емес, заманауи технология дәуірінде егінді орта-рапандыру, суды аз қажет ететін дақылдарға ден қою күн тәртібінен түспейтін талаптар қойып отыр.

Өзіңізге белгілі, мемлекеттің басты байлығы – халық. Ал, халық саны жөнінен Жаңақорған ауданы облыста Қызылорда қаласынан кейінгі 2-ші орында тұр немесе бұл жалпы облыс халқының 10,5 процентін құрайды. Яғни, 1991 жылдан бері халық саны 20,6 мың адамға артты. Енді ел сұранысындағы әлеуметтік нысан әлеуетін арттыруға байланысты да едәуір еңбек жасалды. Айталық, Тәуелсіздік жылдарында 30 білім беру, 37 денсаулық сақтау, 10 спорт, 3 мәдениет нысандары салынған. Жалпы 80 әлеуметтік нысан жаңадан тұрғызылған. Биыл тағы 2 мектеп жаңадан пайдалануға беріледі. Оның бірі – Жаңақорған кентіндегі №169 мектеп жаңадан салынса, екіншісі – МАИ бекетіндегі 300 орындқ мектеп.

Сол секілді мектепке дейінгі ұйымдар саны 29-дан 123-ке жетіп отыр. Осының өзінен қаншалықты жұмыстың жүргізілгені айқын аңғарылады. – Сізді руханият жана-шыры ретінде жұт жоғары бағалайды. Ал осы рухты көтеруде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы өзіңізге қалай әсер етті?

– Қазақ «рухани жұтаңдықтан сақта» дейтін тәмсіл бар, жалпы, қол қалт етсе кітап оқып, көрген-білгенімді қағазға түсіріп, елге ой салар оқиғаларды ортаға тастап отыруды әдеп санаймын. 2015 жылы ауданға әкім болып келгенімде «Туған жерге тағзым» атты киноэпидецианы жүзеге асырдық. Оған Адырбек Сопыбеков секілді саңлақтарымыздың табиғи дауысы, өлке туралы тарихи тұжырымдары жазылды. Осы ерен еңбек бүгінгі күні құндылығы басым рухани-тарихи дүниеге айналды. Биыл аудан өміріне қатысты өнер-мәдениет саласының антологиясын жарыққа шығарсақ деген жоспар бар. Мұның қай-қайсысы да тәуелсіздік тарту еткен табыстар, былай-ақ айтқанда, барды бағалауға, жоқты түгендеуге мүмкіндік берді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы да осы негізді назарға алады. Біз бір күн үшін емес, болашақ үшін барыныз атсалысқанымыз керек. Ұрпақ алдындағы кемел келешек күткен аманатты арқалауға тиістіміз. Президенттің бұл мақаласы жарыққа шыққан



бойда мен әлеуметтік желіде жан-жақты пікір білдірдім, ойымды барынша жеткіздім. – Көрсеткіштерге ойысқас. Біліміңізде, өнеркәсіп өнімдеріңізде ауданның үлесі облыста 38%-ке жуық. Мұнда тау-кен өндірісі де бар. Бұл саладағы беталысты қалай бағалар едіңіз?

– Жаңақорған ауданы – облыстағы өнеркәсіп саласы қалыптасқан ауданның бірі. Шығысында пайдалы қазбаға бай Қаратау жотасы жатыр. Мұнда түрлі-түсті металдар, мырыш, қорғасын, күміс, алтын, кадмий, бағалы тастардан – мрамор, агат, бирюза, слюда, руда емес материалдардан әктас, гипс, бентонит, доломит, қиыршық тас рудасы бар. Сонымен қатар уран кендері мол. Кен өндіру саласында 10-ға тарта кәсіпорын жұмыс жасайды. Оның екеуі шетелдік компания, олар уран өнімін өндіреді.

Аудан көлемінде құрылыс материалдары, оның ішінде әк және тас өндіруші кәсіпорын жұмыс істейді. Олар әртүрлі фракциялы қиыршықтас, құмды тас қоспасы, жуылған құм, керамзит, әк өндіреді. Тәуелсіздіктің 30 жылында өнеркәсіп саласының дамуына қомақты инвестиция салынып, аудан экономикасының өркендеуіне зор үлес қосқан мекеме жеткілікті. Сол қатардан «Қазатомпром» АҚ қарасты уран өндіруші «Қызылқұм» ЖШС 2005 жылы, Байкен-У ЖШС 2006 жылы, СКЗ-У ЖШС 2012 жылдары ашылды, жұмыс жасауда. Тау-кен саласы бойынша қорғасын-мырыш кенін өндіретін «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ, қиыршықтас өндіретін «УАД» ЖШС, «ҚДСМ Қыран» ЖШС, «Мелиоратор» ЖШС, «Сарман Тастақ Жаңақорған» ЖШС, «Өтеміс» ЖШС, «БИС-КЗ-ҚиыршықТас» ЖШС, әк өнімдерін өндіретін «Премиум Класс Строй» ЖШС, «Қуат Әк» ЖШС-н атауға болады.

Жалпы, өнеркәсіп өнімдерін өндіруде 2020 жылдың нәтижесі 80,5 млрд теңгені құрап отыр. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің өнімдері 2020 жылы 48,2 млрд теңгеге жетті. Бұл облыстағы өңдеу өнеркәсібінің ауданның үлесі 32% шамасында екенін көрсетеді. 2010 жылы аудан өндірісінің көлемі 5 млрд 846 млн теңге болса, 2020 жылы 80 млрд 413 млн теңге болып, осы 10 жылдың өзінде 14 есеге артып отыр.

– Жаңақорған – егін мен төрт түлікке қолайлы өңір. Өсім барын байқаймыз. Десе де, сол шаруаның еңбегін ширатады деген мемлекеттік бағдарламалардан аудан еңбеккерлері қаншалықты үлес алып отыр?

– Жалпы, Жаңақорған – жері құнарлы, табиғаты қолайлы, бір сөзбен қайырғанда, малға жайлы өңір. Сондықтан мал шаруашылығы саласы жөнінен

аймақта көш ілгеріміз. Өткен жылдың қорытындысымен «мал шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» номинациясын жеңіп алуымыз тектен тек емес. Өйткені облыстағы төрт түліктің үштен бірі біздің ауданға тиесілі. Соған сай нәтижелі жұмыс баршылық.

Жылдан-жылға дария деңгейі төмен түсіп, су тапшылығы сезіліп келеді. Егін көлемін қысқарту мәселесі туындай бастады. Әсіресе, суды көп қажет ететін күріш дақылдарының орнына бидай, жоңышқа, мақсары, жүгері егу жағы назарға алынды. Әсіресе, дақылдардың жаңа сорттарына мән беріліп, жоғары репродукциялы сапалы тұқым сатып алынууда. 2020 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің шығарылымы 21826,9 млн теңгені құрап, өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 102,5 процентке орындалды.

Ежелден қалыптасқан дәстүр негізінде малшылар жазда тау жайлауын пайдаланып, қыста Сырға құлайды. Бұл – қой, жылқы, сиыр, түйе малы үшін ең бір қолайлы жағдай. Ал, енді малшы қауымға «Сыбаға» бағдарламасы тиімділігін көрсетті. Мәселен, осы бағдарламаның бағытымен Ресейден 600 бас асыл тұқымды «Қалмақ» сиыры алынды. Аталған асыл тұқымды сиырлар ет бағытына етене бетбұрыс жасаудың бір үлгісі. Мұнан бөлек мүйізді ірі қараның ет бағытындағы «Қазақтың ақбасы», «Әулиеқұл», «Санта-гертруда», «Абердин-ангус», сүт бағытындағы «Әулиеата», «Қара-ала» тұқымдары ауданды көбейте түсті. Ал, қойдың «Қарақөл», «Қазактың қылыш» жүнді қуырқытысы, жылқының «Жабы», «Мұғалжар», «Көшім» тұқымдары өсірілуде. Яғни, малдың тұқымдық сапасын арттыруға ұдайы көңіл бөлініп отыр.

Жасыратыны жоқ, тәуелсіздік жылдарында мал басы айтарлықтай өсті. Бір ғана мысал, мүйізді ірі қара 4,8, уақ мал 27,3, жылқы 7,2 процентке артыпты. Енді «ауданда қанша мал бар?» деген сауал туындауы мүмкін. Қазірде ірі қара 66579, уақ мал 275476, жылқы 20321, түйе 1737 басқа жетті.

Өткен 2020 жылы аудандағы 406 шаруашылық құрылымына 1,6 млрд теңге субсидия берілді. Бұл дегеніңіз үлкен мүмкіндік, нақтырақ келсек, Жаңақорған ауданының шаруа қожалықтары облыс бойынша берілген субсидияның 52 процентін иеленіп отыр.

– «Ауданда сапалы ауыз сумен қамтылған тұрғындардың үлесі – 91,4%» деген дерек кездестірдік. Бұл бұған дейін ауыз су мәселесі төңірегінде айтылып келген пікірлерге қаншалықты өлшем бола алады?

– Жаңақорған ауданында 35 елді мекен бар. Оның 32-сі орталықтандырылған ауыз су

жүйесіне қосылған. Бұл деген сөз, ауданның 91,4 проценті орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтылғанын білдіреді. Орталықтандырылған 3 елді мекен (Кеңес, Қосүйеңкі, Құттықожа) ұңғымадан су пайдаланып келеді.

Жаңақорған кентінде 269,1 шақырым су құбыры тартылған. Қазіргі таңда «Ауыл – ел бекісі» бағдарламасы аясында «Жаңақорған кентінің тұрғын үйлеріне су құбырын жеткізу сервистік желісін салу» және «Ақбулақ» бағдарламасымен бастау алып, «Нұрлы жол» бағдарламасымен жалғасын тапқан «Сырдария топтық су құбыры мен Талап топтық су құбырының құрылысы» жобасында Сырдария өзенінің шығыс беткейіндегі 12 елді мекен, батыс беткейіндегі 16 елді мекен халқын таза ауыз сумен қамту қарастырылған. Бұл жұмыстар биылғы бірінші жартыжылдықта аяқталуы тиіс. Осы жоба жүзеге асқанда аудан халқы 100 процент ауыз сумен қамтылатын болады.

– 2020 жылдың ауыртпалығын еңсерген бірден-бір бастама «Жол картасы» болды. Үлестеріңіз қандай?

– Елімізде болған COVID-19 пандемиясының ауыртпалығы ауданды айналдырған жоқ, төтенше жағдай тұсында жұмыс құрылымдарының жұмысын уақытша тоқтату шағын және орта бизнесті тұралатып қойғаны шындық. Соған қарамастан кем-кетіктің орнын толтыруға тырысып, еселі еңбек жасалды. Бұл жерде облыс басшылығының демеуін баса айтқан жөн.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында Қызылорда облысына 40,1 млрд теңге қаражат бөлінсе, Жаңақорған ауданы бойынша 14 жобаға 1552876,5 мың теңге қаралды немесе жалпы облыстағы үлесіміз 3,8%-ті құрайды. Бөлінген қаржы ауданның инфрақұрылымдарын дамытуға, әлеуметтік саланы қайта жаңғыртуға, күрделі жөндеуге және ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалды. Атап айтар болсақ, инфрақұрылымды дамытудың 2 жобасына 311456,5 мың теңге, әлеуметтік саланы қайта жаңғыртуға, күрделі жөндеуге және ағымдағы жөндеу жұмыстарына 12 жобаға 1241419,1 мың теңге қаралды.

Бағдарламаның басты мақсаты – халықты жұмыспен қамту. «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылатын әлеуметтік-мәдени нысандарды, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты, инженерлік және көлік инфрақұрылымын күрделі және ағымдағы жөндеу және қайта құру жұмыстары жобасы бойынша жоспар 706 адам болса, ол 103,3%-ке орын-

далып, 729 адам жұмыспен қамтылды.

– «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізі аудан экономикасына жаңа қырынан леп алып келе бастады. Бұл ретте ежелгі Ұлы Жібек жолының қайта дәуірлеуі туризмге де тыныс асқандай. Осы жағын да толықтыра отырсаңыз.

– Иә, аудан аумағынан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автокөлік магистралінің өтуі туризм саласының дамуына зор мүмкіндік сыйлап отыр. Оның үстіне Жаңақорған жері – курорттық аймақ. Емдік батпақ пен минералды суымыз алыс-жақын шет елдерге де танымал. Көне жәдігер мен тарихи ескерткіштер де жеткілікті. Мұндай бағалы байлық – туризмнің төте жолы.

Өзіңізге белгілі, ежелгі Ұлы Жібек жолы бойындағы аса ірі сауда мен мәдениет орталығы болған «Сығанақ» қалашығын аспан астындағы ашық мұражайға айналдыру мақсатында жыл сайын республикалық және облыстық бюджеттен қаржы қаралып, археологиялық қазба-зерттеу, абадтандыру, қайта қалпына келтіру, қалашықты қоршау жұмыстарын жүргізіп келеміз.

Сонымен қатар тарихи қасиетті нысандар тізіміндегі Хорасан ата кесенесіне 2015 жылы бюджет қаражаты есебінен жол салынды. Ал, 2019 жылы Хорасан атаның, 2018 жылы Ақтас мешіті басын зиярат етушілер үшін 15 орындағы заманауи талаптарға сай қонақ үй бой көтерді. Төлегетай-Қылышты ата кесенесі өз ұрпақтарының қаражаты есебінен қайта қалпына келтіріліп, жолы жөнделді.

2021 жылы республикалық маңыздағы Сығанақ қалашығы, Хорасан ата, жергілікті маңыздағы Төлегетай-Қылышты ата кешенді кесенелерінің инфрақұрылымдарын жақсарту мақсатында отырғыштар орнату, қолжетімді дәретхана салу, қоқыс жәшіктерін орналастыру жөнінде ұсыныстар берілді.

Сонымен қатар тәуелсіздік алған жылдар ішінде ауданымызда 3 шипажай ашылды. Оның ішінде 80 орынды «Ақ шұақ» шипажайы, 76 орынды «Шипажай Жаңақорған», 120 орынды «Орда-Сығанақ» шипажайы іске қосылса, 3 демалыс орны – «Жайна», «Қасиет», «Тоқтамыс» және аудан орталығынан 6 қонақ үй бой көтерді.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі бойынан 5 жол бойы сервистік қызмет көрсету нысаны салынды. Тағы бір сервистік қызмет көрсету нысаны Төменарық ауылдық округі тұсында құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Ол жоба да осы 2021 жылы іске асырылады деп отырмыз.

– Ауданға инвестиция тартудың барысын білесіз?

– Бұл өте өзекті мәселе. Ақшалай азаматтар аудандық ата басын бұра бермейді. Дегенмен, қалауын тапса, қаржанбай ма, быыл жақсы бастамалар басталғалы тұр. Соның бірі – «Абдулла» шаруа қожалығының тауық етін өндіру жобасы. Фабриканың жылдық қуаты – 3,5 мың тонна. Ал, жоба құны 3,3 млрд теңгені құрайды. Жоба толық іске қосылған уақытта облыс көлеміндегі құс етін тұтынудың 33,3%-ін қамтамасыз етуге мүмкіндік бар. Жүзге жуық азаматты жұмысқа тарта-тын болады. Мұнан бөлек, егін шаруашылығына қызығушылық танытып отырған шет елде тұратын қандастар хабарласып жатыр. Сәтін салса, ол күн де алыс емес.

Сөз басы айтқанымдай, Жаңақорған жерінің табиғи ерекшелігі еңбексүйгіш жанды несібісіз қалдырмайды. Ал, оған мүмкіндік жасауда жұлгер міндет салмақты бола бермек.

– Руслан Рүстемұлы, әңгіме-сұхбатыңызға рахмет. Әрбір бастама баянды болғай.

Сұхбаттасқан Қуат ШАРАБИДИНОВ, «Сыр бойы»

● МЕРЕЙ

«Алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын інілер» деген хакім Абайдың барша қазақтың құлағына сіңісті болған сөзі бар. Осы сөз теңіз жағалауында өскендер үшін ерекше жанға жақындығымен көңілді көріктендіреді. Өйткені теңіздің тайдай тулаған толқынын күнде көріп жүрген жағалау жұрты толқынның өзіне бірнеше атау беріп қойған ғой. Ал ұлы Абай бейнелеп айтқан «алдыңғы толқын» адамзат көшіндегі үлкен бу-ынды ерекшелік тұр емес пе? Жарық дүниеге теңіз толқынындай бір-бірі куалап келген адамдар осы ғаламның сәнін келтіріп, адамдық борышын атқарып кетіп жатыр.

# ҚАЛАМГЕР БАҚЫТЫ

Бүгінде қазақ журналистикасының алдыңғы толқын қатарына кірген белгілі қаламгер Еркін Әбілов – Арал теңізі жағасындағы Жалаңаш деген ауылдың тумасы. Бұл ауыл – ежелден теңіз емген балықшылардың құт мекені. Ес біліп, етек жинағаннан-ақ қара қайыққа мініп, ескек ұстап, ау жайып көк теңізден шүпірлетіп балық сүзу – бұл ауыл балаларының қашанғы арманы. Ал, Еркіннің әкесі Аққали өңірге белгілі, көреген ұстаз еді. Қолды аяқтай баласының икемін ерте байқап, елгезек те қайсар мінезді ұлын іргеді жатқан теңізге емес, ауқымы да, айдыны да үлкен сөз мұхитына, ой теңізіне кеме салдырып, ақ желкенін ұстаздық ұлылықпен көріп берді.

Бала Еркін мектеп қабырғасында жүріп-ақ аудандық «Толқын», облыстық «Ленин жолы», республикалық «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» басылымдарына шағын-шағын очерктерін, суреттеме мақалаларын конвертке салып жіберіп жататын. Теңізді көріп өскен, толқынына қарсы жүзіп шыныққан шымыр бала балықшы қауымның, сондай-ақ өзі оқитын білім ұясындағы жаңалықтарды қаламына арқау еткен.

«Устазсыз шәкірт түл» дейді ғой. Бала Еркіннің журналист болуды армандауына тағы бір түрткі болған осы Жалаңаш ауылындағы мектептің Әбірейім Есендіков деген аулы ұстазы болды. Кейін осы ауылдан мықты журналистер, филолог-ғалымдар дүркін-дүркін шығып жатса, соның бәрі Әбірейім ағаның бағыт-бағдар беріп, жас түлектердің қанат қағуына жан-жақты септігін тигізуінде еді.

1968 жылы Арал қаласындағы №15 орта мектепті бітірген Еркін асыл арманын аялап облыс орталығы Қызылорда қаласындағы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне оқуға түсті. Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін бітірген, қаламының желі бар жас жігіт еңбек жолын өзінің жүрегіненді арман-мұраты болған журналистикаға қарай алып келді. 1973 жылы Тереңөзек аудандық «Еңбек туы» газетіне әдеби қызметкер болып орналасты. Қаламгерлігі мен іскерлігі,

қайрат-жігері жас жігіттің өсуіне мүмкіндіктер ашып, бертің келе осы газеттің бөлім меңгерушісі, жауапты хатшысы, редактордың орынбасары қызметтерінің баспалдақтарынан өткізді.

Бұл жылдар Еркін ағаның журналист ретінде қалыптасуының үлкен мектебі болды. Қай кезде де шындықты шырықратып жазу, ақиқатты айқындау, әділдікке жету оның ойынан еш шыққан емес. Содан да болар, журналист ретінде білім мен білігін кеңейту мақсатында 1978-1982 жылдары Алматыдағы М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетінен дәріс алды. Еркін аға басқа салаларда да абырой биігіне көтеріліп, бірнеше жыл қызмет істеді. 1984-1988 жылдары Тереңөзек кентіндегі №126 орта мектебінің директоры болып, білім саласында өзінің жаңашыл басшы екенін танытты. 1988-1992 жылдары Жалаңаш аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, кейін аудандық атқару комитетінің іс басқарушысы болып қызметтерінде болды. Партия қызметкері ретінде халықпен, жұртшылықпен қойын-қолтық жұмыс істеді. 1992 жылы туған өңірі Арал ауданы әкімінің кеңесшісі қызметіне келді.

– Менің қаламымның ұшталуына, бірте-бірте танылуыма мәңгілік сапарға мезгілсіз аттанып кеткен жан достарым, үзегілес қаламдастарым көп әсер етті. Олар шетінен талантты жігіттер болатын еді, – дейді Е.Әбілов өз жүрек түкпіріндегі сырын ашып.

Иә, адамды орта өсіреді ғой. Қаламдастары Қазы Данабаев, Құттыбай Сыдық, Асқар Кіребаев сияқты қарымды журналист-жазушылар, ақындар болатын. Осы жігіттермен ымытаса жүріп, қаламын бір сәт те тастаған емес. Елдің, ақмақтың қоғамдық-саяси өмірінде болып жатқан әрбір жаңалықты жазып отырды. Туған жердің тұғырлы азаматтарын насихаттаудан аш тынған емес. Еңбек жолы туған жері Аралда әкімнің кеңесшісінен кейін 1996-2004 жылдар аралығында Арал аудандық «Толқын» газеті редакторлығы қызметінде жалғасты. Кейін аудандық мәдениет



бөлімінің басшысы қызметін атқарып, өңірдің мәдениеті мен өнерінің басында болды. 2005-2012 жылдары Еркін Әбілов қаламгерліктің даңғыл жолына қайта түсіп, республикалық «Заң» газеті мен қазақ баспасөзінің қара шаңырағы – «Егемен Қазақстан» газетінің Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі болды. 2012-2015 жылдары облыстық «Сыр бойы» газетінде Сырдария, Жалаңаш аудандарындағы меншікті қызметтерін атқарып, зейнеткерлікке шықты.

Қаламгердің журналистік жолында «Адам бір көшкен керуен», «Үлкен саясат: тұлғалар мен тағдырлар», «Өтпелі кезеңнің қайсар қазағы», «Теңізбен тағдырлас», «Жер-анамен тамырлас тұлға», «Қос қайың», «Абзал» атты көркем және хикаятты деректі кітаптары жарық көрген.

Бүгінде шығармашылық қызметін жалғастырып келеді. Халықаралық Жазушылар, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Қазақ журналистикасының қайраткері» төсбелгісін иеленген. Баспасөз саласындағы ұзақ жылдардағы еңбегі еленіп, Елбасының Алғыс хатымен, Мәдениет, Әділет министрліктері мен басқа да жоғары органдардың Құрмет грамоталарымен марапатталған. «М.Шолохов» атындағы және бірнеше мерекелік медальдардың иегері.

Еркін Әбіловтің журналистік шеберлігінің жан-жақты танылған тұсы – ел газеті «Егемен Қазақстанның» облыстағы меншікті тілшісі болған кезі. Қарт Қаратау мен айдынды Арал аралығындағы ел-жұрттың тыныс-тіршілігінен көсіліп жазған мақалаларымен, көкейтесті мәселелер көтерген, жақсылығын жадирата, даралата жазған дүниелерімен молынан танылды.

Сөзіміздің басын ұлы Абайдың ұлағаты сөзімен бастап едік. Еркін ағаның жазған-сызған дүниелерін жіті қарап жүрген адам Абайдың рухани әлемін өте жақсы білетіндігін, тереңдете оқып ой-парасатын барынша байыптағанын аңғарар еді. «Бұл қазақ

Абайдан ой түйді ме?», «Біз осы қайда барамыз?» сияқты дүниелерінде қалың қазақтың қамын жеген Абайдың мұңын, ойын, сындарлы сынын бүгінгі күнмен, осы заманмен қатар қойып салыстырған. Оның мақалаларын оқи отырып, алысты шолатын ойшылдыққа, қапысыз айта-тын сыншылдыққа, тіке айтатын сыншылдыққа бейім екенін көреміз.

«Бәрінен де шындық қымбат», «Ақиқат айтылуға тиіс» деп білетін Ерекең ешқашан көкейдегі сөзін, қалам ұшындағы шынайылықты іркіп қалған емес. Тәуелсіздік алған тұста жалпыламай дақпыртқа ілескен біреулер «барлық республикалық, жергілікті газеттердің аттары өзгеріп жатыр. «Коммунизм жолы», «Социалистік Қазақстан», «Ленин туы», «Көкшетау правдасы» сияқтылар өзгеріп, заманауи атқа ие болды. Біздің кешегі толқып-шалқып, арнасынан асып жатқан теңізіміз тартылып, танып көрініп, балықшылық кәсібіміз жойылып, ел-жұрт тек қана төрт түлік малға қарап қалды. Аудандық «Толқын» газетінің аты да артық болып тұр. Осыны өзгерту керек» деп жиындарда белсене сөйлеп, әкімдердің құлағына салушылар көбейген еді. Сол тұста «Теңізіміз қайтып келеді» деп өзгелерден бұрын аудандық газеттің «Толқын» атын сақтап қалуына, өтпелі кезеңде өзгермей қалуына бірден-бір себеп болған.

Аралға келген бір сапарында белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Бигали Каюпов: «Еркіннің шығармашылығын журналистикамен ғана байланыстырамыз. Ал мен оны сатирик деп білемін. Жазғандарынан өмір мен қоғамның қиығы кеткен тұстарын батыл сынағанын көреміз» дегені бар еді. Шынымен де бүкіл ғұмырын қазақ жұртының тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдағы өзгерістердің сан-салалы қырын көрсетуге арнаған қаламгердің осынау бір ерекшелігін бүгінде барша жұрт танып отыр.

2000 жылдардың басында Еркін аға Аралда «Арал ақиқаты» атты тәуелсіз газет шығарып тұрды. Аты айтып тұрғандай, өңірдегі барша қоғамдық-әлеуметтік жағдайды саралай жазған. Мен де журналистік қызметімді осы бір шағын газеттен бастадым. Тәжірибелі ағаның жазуына, газеттің бетін айқындаудағы әрбір сөзін қалт жібермей тындап, көңіліме тоқып алатынымын. Оның бойындағы ірілікті, арасылықты сол кездері таныдым десем болар.

Намысы найзағайдай жарқылдаған, өткір ойы өзектілігінен танабаған, қаламы ұшыр қаламгер, дара бітімді журналист Еркін Әбілов жетпістің желкенін керіп, шығармашылықты шырқау шыңына шығып отыр. «Егеменнің» Еркіннің деп ел таныған ағаның өз халқына, өз жұртына берері де көп деп білеміз.

**Ерғали АБДУЛЛА,**  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

● ӨНІР ӨНІМІ

## БАЛЫҚ ӨНДЕУ БАСЫМДЫҚ АЛЫП КЕЛЕДІ

Аралда бұқтырылған балық консервісі дайындалуда. Екі жыл бұрын басталған идея қазір өзінің сурлеуіне түскен. Бір қызығы, бұл жоба не аудан орталығы, не ірі тіртекті елді мекеннен емес, қиян шеттегі Ақбақтыда іске асқан. Аралдың өзені 200 шақырымнан әрі қашық жатқан ауылда мұндай өнімнің шығуы жұртты таңғалдырып келеді.

**Сржан ҚОЖАС,**  
«Сыр бойы».



Ақбақтыдағы жұрт балық шаруашылығымен айналысады. Ал басым көпшілігі атақестітен ажырамаған. Түйе мен жылқыны көптеп өсіреді. Шайдан гөрі шұбатқа әуес. Құмды, жазық даланы мекен еткен олар төрт түліктің басын көбейтіп, көп напарасын өсімен айырды.

Ақбақты тұрғындары кейінгі жылдары балық өндеу ісін өркендетіп жүргені рас. Солардың бірі – Ернар Құлжанов. Студент кезінен бизнеске талынған ол ауылға келіп, балық консервілейтін цех ашқан.

– Теңіз жағасында туылғандық болар, балық аулаумен бала күнімнен айналыстық. Менде бір ғана ой болды, неге құр балықтың өзін аулап, оны арзанға өткізгенше, басқа елдер секілді дайын өнім ұсынбақса. Жобам дайын болған соң, отбасымын ақылдаса отырып, құжаттарды дайындағанбыз. Еңбегіміз еш кетпеді. Мемлекеттен қолдау тауып, қайтарымсыз грант ұттым. Былтыр 600 мың теңге қаржыға осылай шағын цехтың жұмысын бастап кеттік, – дейді кәсіпкер.

Ернардың айтуынша, теңізден ауланған ақ шабақтар суда түрлі дәмдеуіштермен араластырыла қайнатылатын көрінеді. Сосын арнайы банкке басылады. Жасалу технологиясы қарапайым, дәмі ерекше, сақталу мерзімі ұзақ. Бүгінде Аралдағы дүкендерде «Көкарал» деген таңбалық белгісі бар бұқтырылған балық консервісі жиі кездеседі. Сондай-ақ облыс орталығы, Алматы қаласынан да тапсырыстар түсіп жатыр.

Айта кетсек, былтыр осы ауылда Ернар іске қосқан цехтан бөлек, тағы бір нысан пайдалануға берілді. Жергілікті тұрғын Жандос Құлманов балық мұздату цехын ашып, ауылдықтарға қолайлы жағдай туғызған. Содан бері, тұрғындар теңізден сүзген несібесін бұрынғыдай көтерме әрі арзан бағамен дельдалдарға өткізуді қойыпты. Ауланған балық маусымдық кезеңде жақсы бағамен сатуға шығарылып, бұрынғыдай ысырапқа ұрынған емес. Мұздатқыш цехтың арқасында, әрине.

– Балықшы қауымның арманы да сол. Еткен еңбек пен төккен тердің босқа кеткенін кім қалайды дерсің! Елде балық шаруашылығына қатысты көп жұмыстар атқарылып жатыр. Аталарымыз ескен қара қайықтың құр жатқанын біз де қаламаймыз ғой, – дейді ақбақтылық балықшылар.

Жоғарыда айтқан қос жоба мемлекет қолдауымен жүзеге асқан. Балық консервісі де, 100 тонналық мұздатқыш та «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарлама аясында қолданысқа берілді. Аядай ауылдың тіршілігі осылай жандануда.

БІЛІМ

## IESO-2021 халықаралық олимпиадасына жолдама

«Жас геолог» корпоративті қоры мен Назарбаев Университеті бірлесіп өткізген IESO-2021 халықаралық олимпиадасының республикалық кезеңінде облыстағы Зияткерлік мектебінің төрт оқушысы жүлделі орыннан көрінді.

Аталған білім додасының іріктеу кезеңіне 80-ге жуық жоғары сынып оқушылары қатысты. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған озық ойлы оқушылар ағылшын тілінде геология, геофизика, метеорология, астрономия және мұхиттану пәндерінен бақ сынасты. Қызылордалық зияткерлер Жер туралы ғылымдары бойынша жақсы білім көрсеткіштерімен ерекшеленіп, нәтижесінде 11-сынып оқушылары Жангерей Зинелов пен Данагүл Келдібай олимпиада жеңімпазы атанды. Сондай-ақ, Арайлым Байкемел және Баянсулу Төлебай жүлделі 2-ші және 3-ші орындарға ие болды.

– Үздіктердің қатарынан көріну үшін осы ғылымдар туралы жетік ізденіп, жеке зерттеу жүргіздім. Ғаламтор желісі мен энциклопедиялардан қосымша ақпарат алып, білімімді толықтырдым, – дейді Жангерей Зинелов.

Айта кету керек, жеңіс тұғырынан көрінген жас зияткерлер осы жылдың тамыз айында Қазақстан құрамында өзге елдердің жас геологтарымен сыға түспек. Биыл IESO-2021 олимпиадасын онлайн форматта Пекинде өткізу жоспарланған.

– Біздің оқушылар – бұл білім бәйгесінің жыл сайынғы қатысушылары. Осындай шаралар арқылы геологтардың жаңа буынын қалыптастыру қолға алынған және бұл олимпиада балалардың ой-өрісінен кеңейтуге үлкен септігін тигізеді, – дейді жеңімпаз оқушылардың жетекшісі, география пәнінің мұғалімі Мұхтар Әбілғалиев.

ҚҰҚЫҚ

## 195 мың адамның құқығы қорғалды

Өңірде өткен жылы облыстық прокуратура 64 тексеріс жүргізіп, 204 заңбұзушылықты анықтады. Нәтижесінде 195 мың адамның құқығы қорғалды. Ал 933 адам тәртіптік және әкімшілік жауапқа тартылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс прокурорының орынбасары Нұрлан Ерманов хабарлады.

– Мемлекеттік бағдарлама арқылы жұмысқа жалған орналасудың 495 дерегі анықталып, 40 адам тәртіптік және әкімшілік жауаптылыққа тартылды. Нәтижесінде 101 адам жұмысқа тұрды. Өткен жылы сол та прокурордың қатысуымен 823 азаматтық, 5367 әкімшілік іс қаралды. Мұнан өзге, прокурордың өтініші хаты-

дан қосымша ақпарат алып, білімімді толықтырдым, – дейді Жангерей Зинелов.

Айта кету керек, жеңіс тұғырынан көрінген жас зияткерлер осы жылдың тамыз айында Қазақстан құрамында өзге елдердің жас геологтарымен сыға түспек. Биыл IESO-2021 олимпиадасын онлайн форматта Пекинде өткізу жоспарланған.

– Біздің оқушылар – бұл білім бәйгесінің жыл сайынғы қатысушылары. Осындай шаралар арқылы геологтардың жаңа буынын қалыптастыру қолға алынған және бұл олимпиада балалардың ой-өрісінен кеңейтуге үлкен септігін тигізеді, – дейді жеңімпаз оқушылардың жетекшісі, география пәнінің мұғалімі Мұхтар Әбілғалиев.

– Біздің оқушылар – бұл білім бәйгесінің жыл сайынғы қатысушылары. Осындай шаралар арқылы геологтардың жаңа буынын қалыптастыру қолға алынған және бұл олимпиада балалардың ой-өрісінен кеңейтуге үлкен септігін тигізеді, – дейді жеңімпаз оқушылардың жетекшісі, география пәнінің мұғалімі Мұхтар Әбілғалиев.

– Мемлекеттік бағдарлама арқылы жұмысқа жалған орналасудың 495 дерегі анықталып, 40 адам тәртіптік және әкімшілік жауаптылыққа тартылды. Нәтижесінде 101 адам жұмысқа тұрды. Өткен жылы сол та прокурордың қатысуымен 823 азаматтық, 5367 әкімшілік іс қаралды. Мұнан өзге, прокурордың өтініші хаты-

«СБ» ақпарат

## ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ

**ШАҒЫН НЕСИЕ**  
✓ Зейнеткерлер (78 жасқа дейін) мен жұмыс істейтіндерге  
✓ 1 000 000 теңгеге дейін  
✓ кепілдіксіз ✓ өте тез!  
✓ алты жылға дейін  
✓ жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!

**ЭВЕРЕСТ Финанс**

ТОМЕР % СТАВКАЛАР

Қызылорда қ., "Принт" баспаханға ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№8 гимназияға қарама-қарсы)  
тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45

КР Ұлттық Банкетің №КЗ01vq0000355 лицензиясы берілген

## ҰСТАЗДЫҢ БИІК БЕЛЕСІ



«Оқушыңды өзіңнің қарапайым жылы лебізіңмен сыйлата білмесең, құр қаталықтан түк те шықпайды» депті Л.Толстой. Мұғалім өзінің білімімен, жүріс-тұрысымен, жайда-ры мезінімен, тіпті сырт-пішіні, киіген киімімен де оқушысына оң әсер етеді.

Серік Ниязовтың Қармақшы ауданы, Төретам кентіндегі №80 мектеп-гимназияда география пәні мұғалімі болып жұмыс атқарып жүргеніне 13 жыл. Осы аз уақыт ішінде шәкірттерге сапалы білім беріп, біршама белестерді бағындырып, жетістіктерге жетті. Республикалық олимпиадада оқушылары үнемі жүлделі орын алып жүрген ұстазға «Үздік ауыл мұғалімі -2019» марапаты берілген.

Жаңа жыл қарсаңында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен «Мәртебілі ұстаз – ел мерейі» атты облыстың табысты, жетістікке жеткен ұстаздарын марапаттау рәсімі өткізілді. Бұл марапат аймақтың білім саласының дамуына айрықша үлес қосқан, еңбегімен ерекшеленген жүзден аса ұстаздар ішінен лайықты құрметке ие болғандарға табысталды. Байқау талабына сәйкес үздіктерді анықтау КР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген республикалық кәсіби конкурстардың жүлдегері атанған ұстаздарға берілді. Тұңғыш рет аймақ басшысының атынан он ұстаз 300 айлық әлеуметтік көрсеткіш мөлшеріндегі бір реттік сыйақыға ие болды. Осы марапатқа лайық деп танылған он ұстаздың бірі – Серік Ниязов.

Оның ерекше үлгі тұтарлық қасиеті – ізденімпаздығы. «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана – мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен-ақ, оның ұстаздығы да жойылады» деген М.Әуезовтің қанатты сөзін бөрімізге айтып отырады. Ақылшы ұстаз әлі де ізденіс үстінде, көп оқиды, оқушыларды да соған баулиды.

Бірде оқушылар қосымша сабақ үстінде: «Ағай, осындай керемет біліміңіз бола тұра неге үлкен қалаларда жұмыс істеп, бағыңызды сынамақса?» деп сұрақ қойды. Сонда ол: «Маған бәрінен де отбасым маңызды, отбасым қайда болса, мен сондамын» деп жауап берді. Осындай ойымен, үлгісімен отбасы құндылығын, маңызын ұғындырды.

Ол «Адам баласына көмектесу – игілікті істердің бастамасы» деп әріптестеріне дүрыс бағыт-бағдар беруден халыққан емес. Әрдайым өз тәжірибесін жастарға үйретіп келеді. Ұстазымыз – терең біліммен қатар, кемел адамдық қасиеттің иесі.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген еді. Әр ұстаздың шәкірт жүрегінен орын алатындай қасиеті болуға тиіс. Адам өмірінде тағлымды тәрбие мен таусылмас білім алған ұясын, тәлім берген ұстазын мәңгілік есінде сақтайды. Егер мұғалім өн бойына, өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса, ол – нағыз ұстаз.

Серік Ниязовтың шәкірттері шыққан биік шың бұрынғыдан да еселене түсті. Әр баланың бойынан көрген ұшқынды лаулата түсіп, өмірден лайықты орнын алуына талпындыру – ұстаздың міндеті.

**Сәуле ЖҰМАБЕКОВА,**  
№80 мектеп-гимназиясы директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары.  
Төретам кенті, Қармақшы ауданы

«Қызылорда облысы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігі осы бірлестіктің төрағасы Серік Сермағамбетовке енесі

**Саржігітова Матрена**  
Алексеевнаның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

\*\*\*

«YNTYMAQ» орта және кіші бизнес жұмыскерлерінің қазақстандық салалық кәсіподағы республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалы «Қызылорда облысы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Серік Сермағамбетовке енесі

**Саржігітова Матрена**  
Алексеевнаның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

\*\*\*

«SENIМ» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы «Қызылорда облысы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Серік Сермағамбетовке енесі

**Саржігітова Матрена**  
Алексеевнаның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

БҮГІНГІ КҮННІҢ БЕЙНЕСІ

Хайп қуамыз деп қара басып қалмасын

Алдымен "хайп деген не?" деген сұрақты жауабын іздеп көрейік. "Кірісі мен тәуекелі жоғары инвестиция" және "даурықпа, дүрлікпе, айқайшыл жарнама" деген екі мағынасы бар екен.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

Орамал демекші, әлемжеліде тағы бір дүние пайда болды. Бойдақ жігіттің аяғын ала жіппен байлап, үйлі болсын, үйленген деген ниетпен тұсауы кесілді.

ны тұрғанда батыстың дәстүріне иек артқандардың әрекеті мұнымен бітпейді. Соңғы уақытта жастар арасында "гендер пасти" мен "Хен пасти" кең тарауда.



даған ерлі-зайыптылар УЗИ-ге түскенде баланың жынысын айтпауды, жасырын түрде конвертке жазып беруді сұрайды.

әжелеріміз келінге қарап топшылады. Қазір жастар жүкті екенін білгеннен қызу дайындалады.

биесі, өнересі, мәні тереңде. Біріншіден, ертеңгі күні дүниеге келер нәрестенің алғашқы тойы болса, екінші жағынан аяғы ауыр ананың да қамын ойлап, соған жағдай жасаудың амалы.

САТИРА

«Иттің» тиірлері

Артрит пен гастрит, Дерматит пен гепатит. Простатит, доданит, Менингит пен бронхит.

Айта берсем тек итті, Атауға болар көп итті... Көкпен келіп қабатын, Көрмедік бұрын COVID-ті.

Көкпен жерге түсіп тек, Кетеді екен күшіктел... Аптапта күйіп өлмейді, Аязда кетпес үсіп тек.

Жұлынып шығып ауадан, Болды оған «жау» адам... Қадалса тісі кісіге, Қалпақтай ұшар сау адам.

Ала-құла әкімі, Адаммен жаман «әзілі...» Көріксіз осы кеселге, Кім кигізген «тәжіні!»

Ашылып тұрса араны, Асқынып алмай жараны. Орындап жүрген жөн болар, Сондықтан сақтық шараны!

Ойлау және ойнау

Адам ардан аттамаса, Тағдырын ойлағаны... Аттаса, тағдырымен ойнағаны...

Қанағат пен қылқын

Қанағат неге болса да дайын, Онда бар парасат пен пайым... Ал, құлқын вагонды жүгімен, Түйені түгімен қылғытуға қайым...

Араққу мардың ақыры

Бір күн ішсең, «Базарсың...» Айлап ішсең, «Азарсың...» Өзгермесен өн бойы, Өз көріңді қазарсың.

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ

ТЫЛСЫМ

КЕКІЛІН КЕСКЕН КЕР АТЫМ-АЙ...



Шаш адамның көркі ғана емес – энергиясын сақтап тұратын қаруы, яғни, өріс қуаты. Тіпті, ғалымдар шаштың ғарышпен байланысы бар екенін дәлелдеген.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ, «Сыр бойы»

Әйелдің энергиясының көп бөлігі шашта сақталады екен. Басын тықырлап алдырған қызға қызғар ма едіңіз? Жоқ. Өйткені, оның энергиясы жоғалды, сондықтан көз тоқтататын тартылыс күші болмайды.

Ұзын шашта энергия да көп. Шашты неғұрлым қысқа қиған сайын, соғұрлым әйелдің энергетикасы азая түседі. Қазақтың «шашы ұзын, ақылы қысқа» деп ақылды шаштын өлшемін салуы тегін бе? Әзі Тәукеңің «Жеті жарғысында» өлім жазасынан кейінгі ауыр жаза шаш кесу деп көрсетілгені.

Шаштың адамдағы құпия ішкі түйсікті байлап алу қасиеті де бар. Оның себебі, шаш ғарыш қуатын шашып тұрады. Мұндай тылсым күштің шашқа қалай даритынын толық білмес де, қызығып зерттеушілер қайран қалып мойындаған.

Мәселен, жігітті ұнатқан қыз оның алдында шашын саусағына орап ойнағандай түр көрсетіп тұрса, сол да жетеді. Сол қызымымен ер адамның сезімін өзіне байлап алады. Бірақ, «бұрымын он күн тарап, бес күн өрген» деген сөздің бұл сүйсіпеншілікке қатысы шамалы. Оның мәнісі шаш сырттағы жаман энергияны да өзіне жинайды. Әжелеріміздің шашын алдына алып, асықпай ұзақ тарап отыратынын көрген шығарсыз. Сонда әженің сәнденіп отырған жоқ. Ол тарақтың көмегімен шаштағы зиянды энергияны, жамандықты тарап түсіріп отыр. Сондықтан шашты жиі жуып тұру

пайдалы. Жуу – тек кірден арылту деп ойламаңыз, шашқа жабысқан бөтен энергиядан, реніш-өкпе, нала секілді жамандықтардан тазалану. Біреуге ренжісеңіз – сөз жоқ, жаман энергияңыздың көбейгені, ондай кезде шашыңызды жусансыз, бірден жеңілдейсіз.

Егер әйел адам шашын жақсы күтіп-баптаса, ұзын қылып өсірсе, ол орасан зор күш-қуатқа ие болады. Мұндай әйелдердің түйсігі қатты дамиды. Үйінде береке-бірлік орнайды, қабілеті артады.

Шаштың осынша кие-құты бар екенін жақсы білген бұрынғылар оны қиғанда не алдырғанда жерге көміп тастаған. Өйткені, қиылған шашта сол адамның киесі бар, мұны қолды деп те айтуға болады. Сикыршы дұғашылар сол қолды пайдаланып, оның егесін дуалай алған. Қазіргі заманда да ондай арам пиғылдыларды кездесе қоймайды деп айту қиын. Олай болмаған күнде аяққа басылған сенің қолдың өзіне жағымсыз әсер әкелуі мүмкін. Қазақем мұны «шашыңды күс іліп әкетеді, жаман болады» деп түсіндіріп, шүберекке орап, көмдірген. Ал, заманауи шаштараздар шашыңды алып, оны сыпырып қоқысқа лақтыра салады. Сол шаштараздарды оқытқанда осы тыйымдарды айтатын мұғалім жоқ та шығар.

Қазақ атам ерлердің де шашына бала күнінен мән берген. Балаға жас кезінде кекіл қойып, айдар шаш өсірген. Аталарымызда «жетімнің желке шашы» деген де болыпты. Ол не? Қазақем қай баланың ерке, қай баланың қорғансыз екенін осындай сырт белгілерінен білсін деген. Сөйтіп, оларға мейірімділік таныту мақсатын көздеген. Қазіргі күнгі ата-аналарда сол үрдістерге оралу талпынысы бар. Бірақ, оны да көбіне сәндік үшін ұстанады. Сондықтан, олар салттың қайсы, сәннің қайсы екенін өздері де ажырата алмайды. Айдар дегені ескі шаш болып кетеді. Айдар шаш – баланың төбе орайындағы туғаннан алынбаған бір шок қарын шашы. Айдар шашты баланың қыр арқасына дейін түсірген. «Айдарлы бала – айбарлы бала» деген. Десе дегендей, айдар шаш өріс қуатты өте көп жинай алған. Сондықтан, ересек адамдар да, батырлар да айдар шаш қойған. Мәселен, тарихта Кенесарының інісі Наурызбайдың айдар шашы болғаны айтылады.

Кекілге келсек, бабаларымыз «кекілге періште ұялайды» дейді. Дінді жақсы білетіндерден сұраңыз, бала бес жасқа дейін періштелердің қорғауында болады. Періштелер өте сұлу болғандықтан олар сұлу мекенді таңдайды. Ендеше, баланың кекілі оның ең сұлу жері болып тұр ғой. Ғалымдар да, журналистер де осы қазіргі біз айтып отырған әңгімелерді «халқымыз киесі бар деп есептеген», «періште ұялайды деп сенген» деген сөздермен жеткізеді. Басқаша түсіндіруге бармайды. Бұл – ұлы сананы ұмыттырған кеңестік кезеңнен келе жатқан тұжырым. «Рухани жаңғыру» бізді осындай тұжырымдарды бұзып-жаруға бағыттайды. Біз ата-бабаларымыздың дүниетанымы аса жоғары дәрежеде болғанын ғылыми, ладунни дәлелдермен сипаттай білу жолын үйренуіміз керек.

Мен осы тақырыптарды көбірек зерттеп жүрсем де, сөзімде әйел шашына қатысты айтыңқырадым. Қазақ атам ерлердің де ұзын шаш қоюын құптаған. Пайғамбардың «кімнің шашы болса, оған икрам етсін» деген, яғни, құрмет көрсетілісін деген хадисі тегін емес. Аталарымыз осыны білген. Баяғыда «Кекілін кескен кер атым-ай, кішкентайдан бірге өскен бекзатым-ай» деп өлең айтушы едік. Әкелеріміз сол өлеңнің өзінде де атты емес, адамды айтқан екен ғой. Өйткені, кекілді баланың қабақтағы қасына жеткізбей қыып отырған. Сондай сұлу, сүйкімді кезіңіз есіңізде ме?..

Жарнама бергіңіз келсе

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru



Magnum advertisement with text: БАҒАЛАРДЫ НОКАУТҚА ЖІБЕРЕМІЗ. ДО-50% ДЕМІН. 04.02-10.02.2021. Қызылорда

Product price list for Magnum brand items including 'Золотое Превосходное Алмазы КТ', 'Ricca Festa', 'Всё в Дом', 'Фрукто-Няня', 'Жемчужина Нила', 'Фрукто-Няня', 'Жемчужина Нила', 'Конт-Артемон'.